

## ЖЕҢІЛ ЗИЯТЫ ЗАҚЫМДАЛҒАН БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ГРАФОМОТОРИКАСЫН ТЕКСЕРУГЕ АРНАЛҒАН ЖҰМЫС ТҮРЛЕРІ

Жакипбекова С.С.<sup>1</sup>, Асанова А.Қ.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, Доктор PhD. Алматы қ.

<sup>2</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ 7М01906 Дефектология мамандығының 2 курс магистранты, Алматы қ.

E-mail: Aknura\_a98@mail.ru, Sauleskorpion@mail.ru

Мақалада зияты зақымдалған балалардың, соның ішінде жеңіл зияты зақымдалған балалардың жазу дағдыларын, графомоторикасын, ұсақ қол моторикасын тексеру арналған логопедиялық жұмыс түрлері көрсетілген.

**Тірек сөздер:** Логопедия, логопедиялық ықпал, моторика, графомоторика, графомоторикалық дағды, ұсақ қол моторикасы, жазу дағдылары, дисграфия.

В статье описаны виды логопедической помощи для проверки навыков письма, графомоторики, мелкой моторики детей с особыми образовательными потребностями, в том числе с легкой степенью умственной отсталости.

**Ключевые слова:** Логопедия, логопедический эффект, моторика, графомоторика, графомоторные навыки, мелкая моторика, навыки письма, дисграфия.

The article describes the types of speech therapy assistance for testing writing skills, graphomotor skills, fine motor skills of children with special needs, including those with a mild degree of mental retardation.

**Key words:** Speech therapy, speech therapy effect, motor skills, graphomotor skills, graphomotor skills, fine motor skills, writing skills, dysgraphia.

Соңғы жылдары зияты зақымдалған балаларға арналған көмекші мектептерде қазақ тілінде оқытатын сыныптар қарқынды түрде ашылуда. Жалпы білім беретін мектептердің 12 жылдық оқытуға ауысуына байланысты және бүкіл білім беру жүйесінің осыған сәйкес қайта құрылуымен арнайы түзету мектептерінде дайындық сыныптар ашылуда. Бірақ қазақ тілінде оқытатын арнайы мектепке дейінгі мекемелерінде және бастауыш сыныптарында бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыздандыру енді жүзеге асырылуда. Бастауыш сыныптарында жазбаша сөйлеу тілін дамыту бойынша қазақ тілінде оқу материалдары өңделіп жасалмаған. Оқу бағдарламасымен қамтамасыздандырылмағандықтан қосымша ауытқулар пайда болуы мүмкін, мысалы сөйлеу тілінің дамымауы, байланыстыра сөйлеу тілінің қалыптаспауы. Екіншілік ауытқулардың негізгі көрінісі балалардың толыққанды байланыстырып сөйлеу тілі дағдыларының қалыптаспауы болып табылады, ал оның өз кезегінде қарым-қатынастың дамымауына әкеп соғады. Егер, сөйлеу тілі дұрыс дамымаса, онда баланың жазу дағдысын қалыптастыру тым қиындық тудыратын жүйе болып табылады. Нәтижесінде зияты зақымдалған балалардың әлеуметтенуі қиындай түседі, қоршаған орта туралы түсінігінің жеткіліксіздігіне себеп болады. Арнайы педагогикадағы оқыту мен тәрбиелеудің басты мақсаты мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік бейімдеу болғандықтан, оқу-тәрбиелеу үрдісінің басты назарында негізгі міндетті жүзеге асыру тұру керек.

Ғылыми әдебиеттерді талдай келе, олигофренопедагогикада зияты зақымдалған балалардың ерекшелігін Ресей авторлардан В.В. Воронкова, А.К. Аксенова, В.Г. Петрова, ал Қазақстандық ғалымдардан Р.К. Луцкина, Қ.Қ. Өмірбекова, К.Ж. Бектаева зерттегенін анықтадық. Тифлопедагогика саласының белгілі маманы Ғ.Ә. Абаева көру кемістігі бар балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамытуда қазақ фольклорын кең қолдануды қарастырады. Ал арнайы білім беру саласының ірі ғалымдары Қ.Қ.Өмірбекова,

К.Ж.Бектаева зияты зақымдалған балалардың сөйлеу тілінің дыбыс айтуын, сөздік қорын, грамматикалық құрылымын және байланыстырып сөйлеу тілінің компоненттерін қарастырған, осы мәселеге байланысты әдістемелік ұсыныстар берді. Жазудың бұзылысын сөйлеу әрекетінің патологиясының жеке мінездемесі ретінде Куссамул(1877) және Беккерман (1881) өз жұмыстарында айтқан. Р.Е.Левина балалардағы жазу жетіспеушілігін фонематикалық нәтиженің дамымауынан деп ойлаған, балалардағы дисграфияны жүйелік қалыптың көрінісі деп түсінді. Жазудың бұзылысы ауызша сөйлеу тілі нәтижесінің, яғни тілдік деңгейдің даму дайындығының жетіспеушілік нәтижесімен қарастырылады [1].

Көмекші мектеп оқушыларының жазуындағы қателер мәселесімен айналысқан. Отандық автор Қ.Қ.Өмірбекованың зерттеулері бойынша, көмекші мектеп оқушыларының жазуда дауысты дыбыстарды тастап кетуі, шатастыруы жиі кездеседі. Мысалы, ірілеу - ірілеу, ада - алда, жүгруге –жүгіруге, қыс - қысқа, қашытыққа – қашықтыққа және т.б. әріпті тастап кету сөздің ортасында, аяғында да кездесіп отырады.

Төртінші сынып оқушыларының арасында сөзді тастап кету қатесі 20,2 % құрайды. Естіп қабылдау арқылы немесе диктант жазуында сөйлемдер ішінде сөзді тастап кететін жағдайлар кездеседі. Мысалы, «Алда тегі жатты. – Алда тегіс жол жатыр». «Олр жғары сыныпт. –Олар жоғары сыныпта оқиды». Бұл сөйлемде мына сөздерді тастап кеткен: жол, оқиды. Ондай қателердің жиі кездесуінің себебі оқушыларда естіп қабылдау арқылы жазу дағдыларының толық қалыптаспауы және естіп, ойда сақтау қабілеттерінің дамымағандығымен байланыстыруға болады.

Төртінші-алтыншы сыныптарда оқушылардың жазуында кейбір қателер дауыстылар мен дауыссыз дыбыстардың алмастырылуы жиі кездесетіні байқалады. Дауыссыз дыбыстардың ішінде қатаң және ұяң «п-б», «к-г», «қғ», «с-з», «ш-ж», «н-ң» жиі алмастырылады. Ал дауысты дыбыстардан «ү-і», «а-о», «ы-а», «ұ-ү», әсіресе б-шы сынып оқушыларында жиі кездесетін алмастырулар: «ү-ұ» (мысалы, ұзын-ұзын), «ү-і» («мысалы, үрілеу -ірілеу»), «оа» (мысалы болғын-балғын) байқалады. Сонымен қатар зерттеу барысында қателердің түрлері, жиілігі жазу жұмысының түріне байланысты екені анықталды. Мысалы, аталған қателер өзіндік жұмыс түрлерінде жиі кездесіп отырды. Зияты зақымдалған оқушыларда дисграфия күрделі, кешенді болады (тілдік талдау мен жинақтау негізіндегі дисграфия, акустикалық дисграфия, акустикалық және артикуляциялық- аустикалық дисграфия т.б.). Сонымен, зияты бұзылған балалардың сөйлеу тілі баяу және ерекше дамып, үлкен өзгешелігімен сипатталады, ол ақыл-ойы кем балалардың жоғарғы жүйке жүйесінің әрекет ерекшеліктерімен, психологиялық ерекшеліктерімен күрделенеді [2,377].

Көмекші мектепте жазбаша сөйлеу тілінің бұзылуын түзету бойынша логопедиялық жұмыстың ерекшеліктеріне тоқталып өтсек. Ақыл-ойы кем оқушылардың жазбаша сөйлеу тілін түзетуде олардың жоғарғы жүйке жүйесінің, психопатологиялық ерекшеліктерін ескерген жөн. Осыған байланысты көмекші мектепте жазу мен оқу бұзылыстарын түзету жұмысы таным әрекетінің дамуымен, талдау мен жинақтаумен, салыстырумен, жалпылаумен тығыз байланыста болуы керек. Сондай-ақ фонетикалық жуан дыбыстарды салыстыру, сөйлемнің құрылымын, сөздің дыбыстық-буындық құрамын талдау, көру-кеңістіктік талдау мен жинақтауды дамыту кеңістікті бағдарлауын дамыту жұмыстары оқу мен жазуын қалыптастыруда, түзетуде кеңінен қолданылады. Жазбаша сөйлеу тілін түзетуде көмекші мектепте түрлі психикалық функцияларды дамыту қажеттілігі туындайды. Жазу мен оқу бұзылыстарын жою, ауызша сөйлеу тілінің бұзылыстарын түзетумен (дыбыс айту бұзылыстары, сөйлеу тілінің фонематикалық жағының жетілмеуі, лексикалық-грамматикалық жағының қалыптаспауы) тығыз байланыста жүргізіледі. Логопедтің оқудан тыс жұмысы сөйлеу тілін дамыту шаралары, мектептегі біркелкі сөйлеу тәртібінің қамтамасыз етілуін қадағалауды көздейді. Логопедтің әрекеті мұғалім, тәрбиеші, мектеп дәрігері, сөйлеу тілі бұзылыстары бар оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыста болуы қажет.

Логопед сыныптан тыс жұмыстарға, сабақтарға қатысуы қажет: біріншіден оқушыларды бақылайды, екіншіден мұғалім, тәрбиешілердің логопед тапсырмаларын «балаға көмек беру жөніндегі» нұсқауларын орындауды қадағалайды.

Логопед әрекетінің бағыттарының бірі – мектеп қызметкерлеріне, сөйлеу тілі бұзылыстары бар балалардың ата-аналарына оқудан тыс уақытта, сабақтарда, үй жағдайында қолдануға болатын тәсілдерге үйрету (дыбыстық талдау дағдыларын қалыптастыру, жазудағы бұзылыстардың алдын алу, қолдың ұсақ моторикасын, артикуляциялық апаратты дамыту) [2,384].

И.Н. Садовникова жазудағы қателерді толық анықтап жүйелеу және түзету жұмыстарын тиімді ұйымдастыру үшін қателерді деңгейлік принципке сүйеніп талдау қажет деп есептейді. Соның негізінде ерекше қателерді үш топқа бөледі:

- әріп және буын деңгейіндегі қателер;
- сөз деңгейіндегі қателер;
- сөйлем деңгейіндегі қателер.

1. Әріп және буын деңгейіндегі қателер

Бастауыш сынып оқушыларының жазуында жиі кездесетін қателер әріпті немесе буынды тастап кету (түсіп қалуы). Мысалы, қармақ-қрмақ; балапан-бапан, тырна-трна. Сөздегі екі немесе одан да көп әріптердің түсіп қалуы дыбыстық талдаудың күрделі түрде бұзылуының салдарынан болады да, сөздің құрамын мүлдем бұзылуына әкеліп соғады. Мысалы, қант-кт, қуыршақ-қуырша.

2. Әріптер мен буындардың орнын ауыстыру сөздегі дыбыс кезектілігін анықтап талдау қиыншылықтарының салдарынан болады. Сөздің буындық құрамы сақталуы мүмкін (пенал-пелан, кран-канр).

3. Әріптерді қосып жазу (артық әріп қосу). Мысалы, шалбар-шыалбар, шалбыар, бақшада-бақшыада, құрт-құырт. Мұндай қателер жазу кезіндегі сөзді іштен жәй айтып отырған кезде қосымша дыбыстар естілуінің салдарынан байқалады. Мысалы, бала «бақшаға» сөзін жазу кезінде сөздегі әріптерді іштен айтып отырып жазады, және әріптерді баяу айтады, сонда «Ш» әрпін жазғанда «ШЫ» бірнеше рет айтып қайталайды. Жазуда жиі кездесіп жүрген қателер сөздегі әріптердің қайталанып жазылуы. Мысалы, (Аарман, Шшана, Оорман). Мұндай қателер бірінші сыныпта сауат ашу кезеңіндегі балалардың графомоторикалық дағдыларын механикалық бекіту нәтижесінде байқалуы мүмкін. Егер де қосып жазуда кездесетін қателерді (қуырт, бақшы, аға, Аарман) салыстырып қараса олардың себептері әр түрлі екенін байқауға болады, соған байланысты түзету жұмысының бағытында өзгеше болу тиіс. Жазуда кездесетін жиі қателер-әріптерді алмастыру болып табылады. Оқушы сөз құрамындағы дыбыстарды бөліп айта алғанымен, оны белгілейтін керекті әріпті таңдап сәйкестендіре алмайды. Ондай қателер төмендегідей жағдайларда байқалуы мүмкін:

- фонема мен графиканы сәйкестендіре алмаған жағдайда;
- акустикалық-артикуляциялық жағынан ұқсас дыбыстарды анық ажырата алмаған жағдайда;
- жазылу ұқсастығы бойынша ұқсас әріптерді ажырата алмаған жағдайда.

Бір әріпті екінші әріппен тұрақты алмастыруы сирек кездеседі. Көбінесе әріптерді шатастыру жиі байқалады, онда жазуда бір әріп бірде дұрыс, бірде қате белгіленеді. Шатастырудың үш түрі байқалады:

- акустикалық-артикуляциялық;
- оптикалық;
- кинестетикалық ұқсастық бойынша шатастыру[3].

Графомоторикалық дағдылар тек ұсақ моториканы дамыту туралы емес. Бұл ұғым анағұрлым кеңірек және мыналарды қамтиды: қарындашты, қаламды ұстау тәсілі, сурет салу және жазу кезінде қысым, дәлдік, қимыл ырғағы және қарқын, олардың тегістігі. Сонымен қатар, қимылдардың бір қалыптылығы және онымен байланысты дағдыларды дамыту маңызды, оларсыз сурет салу немесе жазу мүмкін болмайды: визуалды қабылдау, зейін, қозғалыс дағдылары.

Жазу дайындығы бірнеше жүйелі сәттерден тұрады. Алдымен оқушыларды жазу кезінде партаға дұрыс отырғызып үйретіп, дәптерлерін парта үстіне дұрыс қоюын талап еткен соң ғана жазу талаптары орындалады. Мектептің алғашқы күндері мұғалім мектепте балаларға жазу кезінде партада қалай отыру тәртібін үйретіп, түсіндіре бастайды:

1. Тік отыру.
2. Аяқты партаның астындағы тақтайшаға қою.
3. Оқушы көкірегі мен парта қырының ортасынан қол жұдырығы өтетіндей етіп отыру.
4. Басты кішкене оң жаққа еңкейту.

Осы аталған отыру ережелерді мұғалім үнемі сыныпқа көрсетіп, үйретіп отырады. Логопед мезгіл-мезгіл оқушылардың дұрыс отыруын қадағалап, көкіректің парта қырына тимей, басты қатты еңкейтпеуге үйретеді. Содан соң жазу кезінде балаларды қаламсапты дұрыс ұстап оған көп салмақ салмағанды да ескеру қажет. Балаларға қаламды дұрыс ұстатып үйрету мақсатында мұғалім логопед балаларға олардың алдымен оң қолының үлкен саусағын, одан соң сұқ саусағын, ортаңғы және кіші саусағын көрсетуді сұрайды. Балалар қаламды ұшталмаған жағын үлкен және нұсқаушы саусақтарының ортасына шығып тұратындай етіп ұстауы тиімді. Мұғалім логопед балаларға үлкен және ортаңғы саусақтармен қаламды оңға да, солға да бұрып нұсқаушы саусақты үстіне еркін жатқызып көрсету арқылы қаламның қолдан түспейтіндігін көрсете алады. Осылайша балалар мұғалімнің көмегімен қалам ұстауды үйренеді. Сонымен қатар логопед жазбаша сөйлеу тілінің дамуы үшін есте сақтау, зейінін тұрақтау, ұсақ моторикамен жұмыс түрлерін әр сабақ сайын жүйелі түрде жүргізуі тиіс. Басқа да пән мұғалімдерімен бірлесе бір қалыпты қарқында әсер етуі тиіс. Сондай жағдайда жүйелі жұмыс нәтижесін береді.

Жазбаша сөйлеу тілінің дағдыларын игерудің ерекше қиындығы, ауызша сөйлеу тілінің дислалия, дизартрия, алалия, керемдіктің арқасында дамуымен, қабылдау мен танымның тұрақсыздығымен көрінеді, бірақ өз бетінше пайда болмайды. Балаларда дисграфиялық бұзылысы түрліше: жеке жазуда қиындық пен жалпылама дағдысын игере алмауымен сонымен қатар әріптің болмауымен көрінеді. Кіші мектеп жасындағы оқушылардағы жазудың бұзылысы оқу процесінде баланың мектепке бейімделуіне, оның жеке тұлға ретінде қалыптасуы мен психикалық даму мінездемесіне кері ықпалын тигізеді.

#### ӘДЕБИЕТТЕР:

1. <https://melimde.com/ziyati-zaimdalfan-balalardi-jalpi-bilim-beru-rdisine-osu-orind.html>
2. Қ. Қ. Өмірбекова, Г. С. Оразаева, Г. Н. Төлебиева, Г. Б. Ибатова Логопедия. Оқулық: Жоғарғы педагогикалық оқу орындарының дефектология бөлімдерінің студенттеріне арналған оқулық (Қ. Қ. Өмірбекованың редакциясымен) – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. - 495 бет
3. Кальпебаева Г. Психикалық дамуы тежелген балаларды ақыл-есі төмен балалардан ажырату». //Дефектология. №4.2010.

ӘОЖ 37.048.2

<https://doi.org/10.53355/x1544-0110-4200-k>

#### ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КОНСИЛИУМНЫҢ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК НЕГІЗДЕРІ

Жакипбекова С.С.<sup>1</sup>, Әбубәкірова А.Ә.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Абай атындағы Қазақ Ұлттық педагогикалық университеті, доктор PhD.

<sup>2</sup>Абай атындағы ҚазҰПУ 7М01906 – Дефектология мамандығының 2 курс магистранты

E-mail: [aidaaabubakir@mail.ru](mailto:aidaaabubakir@mail.ru), [Sauleskorpion@mail.ru](mailto:Sauleskorpion@mail.ru)

Бұл мақалада педагогикалық – психологиялық консилиумды ұйымдастырудың жалпы әдістемелік негіздері, консилиум мамандарының жауапкершілігі мен консилиум жұмысының кезеңдері жайлы баяндалады.

**Тірек сөздер:** Инклюзивті білім беру, түзете – дамыту жұмыстары, интеграция, инклюзивті білім беру, психологиялық-педагогикалық кеңес, консилиум.